

ЖШС «Абзал» бөбекжай-балабақшасы
Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы

Қатысқаны-85адам
15.09.2024жыл

Мақсаты: Бірыңғай білім беру кеңістігін қамтамасыз ету.
Педагогикалық және психологиялық сауаттылықтарын арттыру.

Тақырыбы: «Отбасы өнеге айнасы»

Қатысушылар:

1. ЖШС «Абзал» бөбекжай-балабақша меңгерушісі және қызметкерлері;
2. ЖШС «Абзал» бөбекжай-балабақшасының ата-аналар комитетінің төрайымдары мен ата-аналары

Күн тәртібінде:

1. Ата-ананың құқықтары мен міндеттері. Келісім шарт не үшін қажет?
(Меңгеруші Ж.О.Менлибекова)
2. Жаңа оқу жылындағы ұжымның жоспарымен таныстыру.
(Әдіскер Г.Н.Токуллова)
3. Сұрақ-жауап.
(Әдіскер Г.Г.Токулова, Медбике)
4. Ата-аналар комитеті мүшелерін сайлау
(Меңгеруші:Ж.О.Менлибекова)

Тыңдалды:

I. Бөбекжай-балабақша меңгерушісі: Ж.О.Менлибекова сөз алып ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтап, ата-аналарға жаңа оқу жылында толағай табыстар тіледі. Жиналысқа қатысушылар ата-аналардың құқықтары мен міндеттері жайлы айтып берді.

Ата-ананың міндеті:

ЖШС «Абзал» бөбекжай-балабақшасының жарғысының ережелерін сақтауға.

Бала үшін ағымдағы айдың 10-не дейін, ай сайын төлем енгізуге.

Баланы тәрбиешіге тікелей өздері тапсырып, өздері алып кету, баланы 16 жасқа толмаған балаға сендіртпеу немесе өтініш жазу. Егер осындай жағдай туатын болса бала өміріне деген толық жауапкершілік «ата-анаға» жүктеледі.

Баланы бөбекжай-бақшаға күтілген түрде әкелу, яғни киімі мен аяқ киімі таза болуы қажет.

Бөбекжай-бақшаның ішкі жұмыс тәртібін бұзбау (балаларды қабылдау уақыты сағ. 8.00- сағ. 8.30 дейін)

Баланың бөбекжай-бақшаны қандай себеппен босатқаны туралы алдын-ала медбикеге немесе тәрбиешіге сағ. 8.30 дейін хабарлау қажет.

Баланың ескертусіз келмеген немесе себепсіз босатқан күндері үшін анықтама алып келу керек.

Бөбекжай-бақшамен тәрбие беру және оқыту жұмысында көмек беру.

Педагогтармен және ата-ананың әдеп талаптарын сақтау.

Мектепке дейінгі мекемеге көмек көрсету: баланың өмірін қорғау, сауықтыру, гигиеналық, мәдени-эстетикалық, экологиялық тәрбие.

Ата-аналар үшін, бөбекжай-бақшада ата анамен келісім шарт: ... Ата-анамен ұзақ мерзімді жұмыс қажет болғанда арнайы келісім-шарт жасалады.

Бөбекжай-бақша өз міндетіне алады:

Баланың болуы кезінде оның қауіпсіздігін, баланың құқықтары мен қадір-қасиетін, оның эмоционалдық әл-ауқатын қорғауды қамтамасыз ету.

Баланың психикалық және физикалық дамуын қамтамасыз ету, оның жеке ерекшеліктерін ескеру және дамыту.

Баланың іс-әрекетін оның жас ерекшелігіне, жеке ерекшеліктеріне, оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес ұйымдастыру, оның интеллектуалдық, дене және тұлғалық дамуын қамтамасыз ету.

Балаға жұмыс режиміне сәйкес тұру мүмкіндігін беріңіз.

Ата-аналарға баланың өмірі мен іс-әрекеті, оның жеке дамуы туралы үнемі хабардар ету.

Баланың дамуына қолайлы пәндік дамытатын ортаны ұйымдастырыңыз.

Баланың болу ұзақтығын ескере отырып, теңдестірілген тамақтануды ұйымдастырыңыз, диетаның сақталуын және оның сапасын қамтамасыз етіңіз.

Баланың бейімделу кезеңінде ата-анаға онымен қажетті уақыт ішінде қалуға рұқсат етіңіз.

Ата-аналармен ынтымақтастықта болу, олардың өтініштерін құрметтеу.

Балаларды дамыту үшін қажетті құралдар мен материалдармен қамтамасыз ету.

Ата-аналарға міндеттеледі:

Балаңызды уақытында алып кетіңіз.

Ата-аналар конференцияларына және арнайы ұйымдастырылған жиналыстарға қатысу.

Баланың ауруы туралы әкімшілікке уақтылы хабарлау; баланы ауру белгілерінсіз және жайсыздықсыз тек сау ғана әкеліңіз және ауырғаннан кейін мектепке дейінгі мекемеге баруға рұқсаты бар педиатрдың анықтамасын көрсетіңіз.

Баланы тәрбиешіден немесе басқа қызметкерден жеке ауыстыру және алу; басқа жағдайларда ата-анасы баланы әкелуге немесе алып кетуге сенетін адамдардың деректерін дереу хабарлаңыз.

Ай сайынғы қызмет ақысын төлеңіз.

Байланыс телефондарындағы өзгерістер туралы уақтылы хабардар ету.

Баланың өмірін ұйымдастыруға қатысты талаптарды орындау.

Тараптардың құқықтары

Бөбекжай-бақшаның құқығы бар:

Балаларды алып бара жатқан көршілердің жеке басын куәландыратын құжаттарды талап ету.

Төменде көрсетілген шарттар мен шарттарды сақтай отырып, осы келісімді бұзыңыз немесе жаңартыңыз.

Суықтың немесе басқа аурудың белгілері бар баланы дәрігердің рұқсатынсыз қабылдауға болмайды.

Ата-ананың құқығы бар:

Бөбекжай-бақшаның жұмысына қатысыңыз.

Жақсарту бойынша ұсыныстар жасаңыз.

Бөбекжай-бақша әкімшілігіне ескертулер мен тілектер айту.

Төменде көрсетілген шарттар мен шарттарды сақтай отырып, осы келісімді бұзыңыз немесе жаңартыңыз.

II. Жаңа оқу жылының іс-жоспарымен таныстырды. Балаларды мектепке дейінгі білім беру стандарты бойынша жұмыстар атқарылатынын атап өтті. Сондай-ақ, әр түрлі мәселелерді ортаға салды. Оқу құралдарын толық әкелуін талап етті. Балалардың тазалығын, бақшадан себепсіз қалдырмай, кешікпей келуін, төлемақыны уақтылы төлеуін айтты.

III.Сөйледі:

Бөбекжай-бақша әдіскері Г.Төленқызы бөбекжай-балабақшадағы отбасымен атқарылатын жұмыс түрлері Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы отбасы тәрбиесін ұйымдастыруға қойылатын жалпы талапқа сай жүргізіледі. Отбасы бала тұлғасын дамытуда алғашқы қоршаған ортасын құрады. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстағы мына міндеттерді айқындап алу керек.

Ата-аналармен тұрақты орындаудағы мақсат: отбасының, оның мүшелерінің өзара қарым-қатынас деңгейі, отбасының жеке басқа ықпалы, ата-ананың педагогикалық білім дәрежесінің жай-күйін анықтап, кеңес беріп, оларды бала тәрбиесіне ортақтастыруды көздейді.

Ата-аналарды топтағы оқу-тәрбие процесінің мазмұнымен және әдістемесімен таныстыру.

Ата-аналардың неге ұмтылатынын, олардың неге қуанып, немесе неге мазасызданатынын талқылауға уақыт таба білу, оларға мүмкіндік жасау және қолдау.

Сөйледі:

Ата-ана Баймаханова Манат Мақпал:

Жаңа оқу жылында бөбекжай-бақшада ақша жиналады ма? Себебі білім ордаларында қазіргі таңда түрлі себептермен ақша жинауға қатаң тиым салынған.

Менгеруші Ж.О.Менлибекова:

Өздеріңіз білетіндей бөбекжай-бақшамызда сенім жәшігі, стенд орнатылған. Ол комиссия мүшелерінің қатысуымен сенім жәшігі екі аптада бір рет ашылып, акт жасалады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері және лауазымды тұлғалар жүргізуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен ұсынылады. Көрсетілген ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпаратты хабарлаған адам заңға сәйкес жауапты болады.

Біздің бөбекжай-бақшамызда ондай келеңсіздіктерге орын жоқ.

IV. Соңғы мәселе бойынша әдіскер Г.Н.Токуллова ата-аналар комитетін сайлауға ұсыныс тастады. Топ тәрбиешілеріне ата-аналар комитетінің төрайымы, комитет мүшелерін тағайындау үшін тапсырма берді.

Ақылдаса келе, ата-аналар комитетін төмендегідей құрамда сайлау туралы шешімге келді.

Ата-аналар ұйымының төрағасы:

1. Жолдасова Г - мектепалды тобының ата-анасы

Мүшелері:

1. Манат М

Жоғарыда аталған ата-аналар бөбекжай-балабақшадағы іс-шаралардың өткізілуіне атсалысып бірлескен жұмыс атқарады.

Сондай-ақ, бөбекжай-бақша меңгерушісі Ж.О: Менлибекова МА топтарының ата-аналарынан бөбекжай-бақшаның жаңа оқу жылында мемлекеттік аттестаттаудан өтуіне байланысты сауалнама толтырып кетулерін ескертіп өтті.

Қаулы етеді:

1. Жаңа оқу жылында ата-аналар комитеті, төрайымдары сайлансын.
2. Педагог-психолог ата-аналармен тығыз байланыста жұмыстар жүргізсін.
3. Балалардың тамағының төлемақысы уақтылы төленсін.
4. Ата-аналар бөбекжай-бақшаға міндетті түрде санитарлық талаптарды сақтай отырып, бетпердемен келсін.

Меңгеруші

Хатшы:



Ж.О.Менлибекова

Халикова А

**ЖШС «Абзал» бөбекжай-балабақшасы
Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы**

Қатысқаны-85 адам
жыл

20.05.2025

Қатысушылар:

1. ЖШС «Абзал» бөбекжай-балабақша меңгерушісі және қызметкерлері;
2. ЖШС «Абзал» бөбекжай-балабақша ата-аналар комитетінің төрайымдары мен ата-аналары

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылында атқарған жалпы жұмыстардың қорытындысы.
(Меңгеруші Ж.О.Менлибекова)
2. Жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспарымен таныстыру.
(Әдіскер Г.Н.Токуллова)
3. Балалар денсаулығын нығайту бойынша жұмысын талдау.
(Медбике)
4. Балаңыздың білім деңгейін білесіз бе? (білім мониторингінің қорытындысымен таныстыру)
(Әдіскер Г.Н.Токуллова)

Тыңдалды:

I. Бөбекжай-бақша меңгерушісі: Ж.О.Менлибекова сөз алып, ата-аналарды оқу жылының аяқталуымен құттықтады. Өзін тағы да бір таныстырып, ротациямен ауысып келгендігін айтып өтті. Мысалы, бұл бірден бірнеше білім беру ұйымында тиімді басқарушылардың әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Алда өтетін балабақшамен қоштасу ертеңгілігіне жұмыла кірісіп, бүлдіршіндеріміздің таза, әдемі костюмдермен алып келуін қадап айтты. Қыз балалардың барлығы түгел ақ түстегі көйлекпен келулері туралы ұсыныс жасалынып, оны ата-аналар бір ауыздан қолдады.

Сондай-ақ, бөбекжай-бақшаның бір жылдық атқарған жұмыстарының есебін берді.

II. Екінші мәселе бойынша әдіскер Г.Н.Токуллова:

Ата-аналарды жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстырып өтті. Жаз мезгіліндегі тәрбиеленушілердің тізімдері жасалынып, тәрбиешілерге санитарлық эпидемиологиялық және орт қызметі талаптарын орындау мақсатында іс-шара жоспарлары бекітіледі. Ас үйде ойыншықтармен тез бұзылатын азық-түліктердің сапасын реттейтін сертификаттар мен құжаттар дайындалады.

Жалпы біздің жаз мезгіліндегі алға қойған мақсатымыз: танымдық, жан-жақты қызығушылығы мен қабілетін балаларды дамытуға ықпал ету. Балалардың жазғы демалысын әсерлі өткізуіне мейлінше қолайлы жағдай жасау.

III. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша медбике сөз алып, балалар денсаулығын нығайту бойынша атқарылған жұмыстарға талдау жасап берді. Біздің бақшаның басым бағыттарының бірі – балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау «Дені сау болса-дәулет сол» демекші балдырған балаларымыздың дендері сау, дене бұлшықеттері қалыптасқан, батыл болып өсулеріне ата-аналармен бірлесе отырып жұмыс жүргізілсе қызығушылығы артады. Осы бағытта балабақша Елбасымыздың «Шынықсаң шымыр боласың» насихат сөзіне сүйене отырып денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмысын ұйымдастырады:

- Гигиеналық жұмыс (жуыну, шынтаққа дейін қолға су құю, дәрілік шөптермен ауызды шаю)
- Шынықтыру жұмыстары: күн, су, ауа, су құю, сүртіну.
- Дене шынықтыру оқу қызметі таза ауадағы қимылдық ойындар.
- Дем алу, сергіту жаттығулары.

Осы кесте бойынша барлық топтарда жұмыстар жүргізіледі.

Күн тәртібіне сәйкес балаларды таза ауаға шығару, ертеңгілік жаттығулар жасау, оқу қызметі кезінде сергіту сәттерін жасау, қимылды ойындар өткізу т.б. жүргізіледі. Өзін-өзі күту дағдыларын дамытуға жағдай жасау (ауа райына байланысты киінуге мүмкіндігінше киімдерін тазалауға, жуынуға, тарануға, киімін жинауға, бет орамалды қолдануға және т.б. үйретеміз) Болашақ жас ұрпақтың бойына тазалық пен сергектікті, салауатты өмір құндылықтарын енгізу – біздің міндетіміз.

IV. Соңғы мәселе бойынша әдіскер Г.Н.Токуллова:

Қаулы етеді:

1. 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстар өте жақсы деп бағалансын.
2. Жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары бекітілсін.
3. Медбике жұмысының талдауы қанағаттанарлық деп бағалансын.

Меңгеруші:

Хатшы:



Ж.О.Менлибекова

Халикова А